

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып «Гүлдер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>

	<p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<p style="text-align: center;">Тақырып: «Қызықты қыс келді»</p>
	<p style="text-align: center;">Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.</p> <p style="text-align: center;">Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.</p> <p style="text-align: center;">Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау,</p>

		жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
--	--	------------------------------------

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалдысыныбы) МККК
«Алтын бесік бақшасы»

Топ/сынып «Гүлдер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен	Еңбекке баулу

	таныстыру	<p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>
--	-----------	---